

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1803.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының құрылымын жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2541 U952541_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалау туралы Ереже бекітілсін /қоса беріліп отыр/.
2 .
3 .
4 .

Ескерту. 2-4 тармақтарының күші жойылған - ҚРҰ-нің 1996.12.18.
N 1549 қаулысымен. P961549_

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалаудың орталық аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республика бюджетінде мемлекеттік басқару аппаратын ұстауға көзделген қаражат есебінен жүргізілетін болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауға қызметтік үй-жай бөлсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды қажетті байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы

19 желтоқсандағы
N 1803 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды
қадағалауы туралы
Е Р Е Ж Е

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды қадағалауы (Бұдан былай - Қазақстан Республикасының Мемсақтандыруқадағалауы) сақтандыру қызметін мемлекеттік қадағалауды, сақтандыру туралы заңдардың бұлжымауына бақылауды жүзеге асыратын және сақтанушылардың, сақтандырушылардың, үшінші жақ пен мемлекеттің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін орталық атқарушы орган болып т а б ы л а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Мемсақтандыруқадағалауы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, қолданылып жүрген заңдарды, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, сондай-ақ осы Е р е ж е н ің б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Мемсақтандыруқадағалауы заңды тұлға болып табылады, осы Ережемен айқындалған құқықтарды пайдаланады және Қазақстан Республикасының барлық аумағында өзінің қызметіне байланысты функцияларды атқарады. Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауының дербес балансы, банк мекемелерінде шоттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген қазақ және орыс тілдерінде өз аты жазылған мөрі, сондай-ақ тиісті мөрлері, мөртаңбалары мен бланкілері болады.

II. Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауының
міндеттері

4. Мемсақтандыруқадағалауының негізгі міндеттері:
- сақтандыру қызметі саласында мемлекеттік сақтандыруды

қадағалауды жүзеге асыру;

- Сақтандыру қызметі саласында белгіленген тәртіппен мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу;

- сақтандыру мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды әзірлеуге және жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сақтандыру компанияларының басқа елдердің сақтандыру ұйымдарымен халықаралық ынтымақтастығын дамытуға белгіленген тәртіп бойынша атсалысуға қатысу болып табылады.

III. Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауының функциялары

5. Оған мыналар жатады:

- сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиялар беру;

- сақтандырушылардың жеке қаражаты мен олар қабылдаған сақтандыру міндеттемелерінің арақатынасы нормативтерінің сақталуын бақылау;

- заңды тұлғалардың және азаматтардың міндетті сақтандыру туралы заң талаптарының орындалуын бақылау;

- сақтандырушылар қолданатын сауықтыру шарттары мазмұнының заң талаптарына сәйкестігін бақылау;

- Қазақстан Республикасының оның аумағында шет ел сақтандыру компанияларының сақтандырушы ретінде қызмет етуіне жол бермеу туралы заң талаптарының сақталуын бақылау;

- сақтандыру қызметінің тәжірибелерін жинақтау, сақтандыру және республикада сақтандыру нарығын өркендету туралы заңдарды дамыту мен жетілдіру жөнінде белгіленген тәртіппен ұсыныстар әзірлеу және ұсыну;

- сақтандыру саласында мамандарды кәсіптік даярлау және қайта даярлауға үйрету жұмыстарын жүргізу.

IV. Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауының құқықтары

8. Қазақстан Республикасының Мемсақтандыруқадағалауы алдына қойылған міндеттері мен функцияларына сәйкес мыналарға:

- сақтандырушылардан сақтандыру қызметі туралы белгіленген есеп алып отыруға;

- сақтандырушылардың сақтандыру туралы заңдарды сақтауына тексеру

ж ү р г і з у г е ;

- сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңдарды сақтауына шет елдің қатысуындағы кәсіпорындарды қатыстыра отырып тексеру жүргізу;

- азаматтардың талаптарына және сақтандыру заңдарына қайшы келетін сақтандыру, қоса сақтандыру, қайта сақтандыру шарттары дұрыс емес деп танылған жағдайда сотқа талап қоюға;

- сақтандырушыларға, шет елдің қатысуындағы кәсіпорындарды қоса, заңды тұлғалардың басшыларына сақтандыру туралы заң талаптарын сақтау немесе оның бұзылуына жол бермеу қажеттілігі туралы орындалуы міндетті болып табылатын ұйғарымдама беруге;

- сақтандыру қызметтерін жүзеге асыруға құқық беретін лицензиялардың қызметін тоқтатуға;

- айыппұлдар салу туралы, сондай-ақ лицензияларды қайтарып алу жөнінде сотта іс қозғауға құқылы.

V. Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауының басқарушы органдары

7. Қазақстан Республикасының Мемсақтандыруқадағалауын лауазымға Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын төраға және оның орынбасары басқарады.

8. Мемсақтандыруқадағалаудың төрағасы (оның орынбасары) Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапкершілікте болады. Осыған сәйкес:

- Қазақстан Республикасы Мемсақтандыруқадағалауының жұмыс жоспарын бекітеді;

- орынбасардың және салалық бөлімшелер басшыларының тапсырылған жұмыс учаскесіне жауапкершілік деңгейін айқындайды;

- лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын нормативтік құжаттарды бекітеді;

- барлық сақтандырушылар үшін орындалуы міндетті болып табылатын бұйрықтар мен Нұсқамалар шығарады, нұсқаулар береді және оның орындалуына тексеруді ұйымдастырады.

9. Қазақстан Республикасының Мемсақтандыруқадағалауында құрамында Төраға (алқаның төрағасы), орынбасар және бір жетекші қызметкер, сондай-ақ мемлекеттік және өзге органдардың өкілдері бар алқа құрылады.

Алқаның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1803 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сақтандыруды
қадағалау орталық аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Басшылық

Сақтандыру қызметін лицензиялау және бақылау басқармасы

Қаржы шаруашылық бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК